

Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылардың жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұйымдастыру хаттамасы

Қызылорда қаласы

26.08.2022ж.

Қатысқандар:

Комиссия төрағасы: Б.С.Тумурзаев

Комиссия мүшелері: Г.Ибрашева, С.Абдигапбаров, М.Аралбаев, М.Абдуллаева,
У.Маденова, З.Абасилова.

Күн тәртібінде:

1. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығына және Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына 2022 жылғы 8 тамыздағы №554 3 тармақ 4 бөліміне сәйкес «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтануды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты негізінде құжаттарды жинақтап білім алушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету

Тыңдалды:

1. Мектеп-лицей директоры Б.С.Тумурзаев ыстық тамақпен қамтылушы мен білім алушылардың Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына 2022 жылғы 8 тамыздағы №554 3 тармақ 4 бөліміне сәйкес «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтарды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес қанша өтініш келіп түскенін және білім алушылардың құжаттарының сәйкестігін қарап шығу керектігін айтты. №64 қаулыға сәйкес санаттармен бөліп жұмыс жасауға тапсырма берді.

2. Мектеп әлеуметтік педагогы М.Абдуллаева ата-аналардан 466 өтініш келіп түскенін айтты. Оның ішінде 215 білім алушы Атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасынан, 251 білім алушы аз қамтылған отбасынан, 10 білім алушы ата-ана қамқорлығынсыз қалған отбасындағы тәрбиеленуші екендігін айтты. Құжаттары толық жинақталған және стандартқа сәйкес келетінін атап өтті.

3. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ибрашева 466 білім алушының да «Жалпыға міндетті оқу қоры есебінен» ыстық тамақпен қамтылу керектігін айтты. Тегін тамақтың қамтылуы 19.01.2022 жылғы №4 келісім шартына кәсіпкер ТОО «Оңдасын и К» Тілеубайқызы Раушанға міндеттеліп тапсыру керектігін атап өтті. Сондай-ақ, мектеп медбикесіне ыстық тамақтың ас мәзірге сай берілуін қадағап отыруды тапсырылғаны дұрыс деп айтты.

Қаулы:

1.1-11 сыныптар бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілген қызмет стандарты негізінде 466 білім алушы тегін тамақпен қамтамасыз етілсін.

2. 2022 жылдың қыркүйек айынан бастап әлеуметтік аз қамтылған білім алушылардың тегін тамақпен қамтылуы Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің 19.01.2022 жылғы №4 келісім шартына кәсіпкер ТОО «Оңдасын и К» Тілеубайқызы Раушанға міндеттелсін.

3. Мектеп асханасында ыстық тамақтың ұйымдастырылу барысы, сапасы күнделікті ас мәзірінің сақталуы мектеп аяжаны З.Абасилова тарапынан қатаң бақылансын.

Әлеуметтік педагог
Хатшы:

М.Абдуллаева
С.Рамберді